

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2026 жылғы 24 шілдедегі № 81  
бұйрығы

Министерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Б»  
корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау  
әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 96 бұйрығының күші жойылды  
деп тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы  
2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Б»  
корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау  
әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 96 бұйрығының күші жойылды деп  
танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Персоналды  
басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген  
тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның  
қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан  
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне  
ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
«Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына  
жіберуді;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр**

**А. Әлназарова**